КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

2024 жылғы 28 наурыз 7119-24-00-2/2969 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекет мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«ТЕНДР БАСТАУ» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұл сомасын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана қаласы әкімінің аппараты» мемлекет мекемесінің «ТЕНДР БАСТАУ» жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұл сомасын өндіру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

«ТЕНДР БАСТАУ» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ТЕНДР БАСТАУ» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына пайдасына 833 (сегіз жүз отыз үш) тенге айыппұл сомасы, 1871 (бір мың сегіз жүз жетпіс бір) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 28.03.2024

Заңды күшіне енген күні: 06.05.2024, судья Шамшильдин Т., 16.05.2024

7119-24-3-1/2466